



**ӨЗАРА СЕНИМ
МЕН ҚҰРМЕТ**

Мемлекет басшысы Түркия Вице-президентімен кездесті

2



12+

ӘКІМ

ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМ

Шаһар басшысы көріктендіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды



Алматы қаласының әкімі Дархан Асатыбалды Жетісу ауданындағы Жансүгіров көшесін жаяу аралап, көріктендіру жобаларының жүзеге асырылу бағытымен, инфрақұрылымның жай-күйімен және өндірістік нысандардың жұмысымен танысты.

Танысу Боралдай көшесіндегі скверден басталды. Бұл аумақта балалар және спорт алаңдарын салу, арт-нысандар орнату, сондай-ақ Сұлтан-Қарасу өзенінде жүргіншілерге арналған көпір салу жоспарланған. Кездесу барысында тұрғындар аумақты абаттандыруға қатысты өз ұсыныстарын жеткізді.

Кейін қала әкімі «Айс Мастер – Айс Крим компаниясы» ЖШС-де болды. Кәсіпорын басшылығы өндірістік алаңдарды жаңғыртып, іргелес аумақты қалалық көріктендіру талаптарына сай ретке келтіруге дайын екенін мәлімдеді.

Сондай-ақ, қала басшысы Алматы қаласы Полиция департаменті қызметкерлеріне арналған жаңа спорт кешеніне барды. Рысқұлов даңғылына дейінгі аумақты шолу барысында жүргіншілер аймақтарының санитарлық жағдайы тексерілді.

Дархан Асатыбалды бірыңғай дизайн-код талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді, жобаларды іске асыру мерзімін бақылауды, сондай-ақ қолайлы қалалық ортаны қалыптастыруда бизнеспен өзара іс-қимылды күшейтуді тапсырды.

ALMATY HALF MARATHON

ЖЕР-ЖАҒАНЫҢ ЖЕЛАЯҚТАРЫ ЖИНАЛАДЫ

19 сәуірде Алматыда «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастыратын Almaty Half Marathon тоғызыншы рет өтеді. Көктемгі жарысқа әлемнің 44 елінен 10 мыңнан астам қатысушы жиналады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлім болды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Қатысушыларға дәстүрлі қашықтықтар ұсынылады: жартылай марафон (21,1 км), 10 км, 10 км (скандинавиялық жүріс) және командалық эстафета – Экиден. Жартылай марафонға 18 жастан асқан жүгірушілер қатыса алады, ал басқа қашықтықтарға – 15 жастан бастап. Жарыс бағыты Алматының көркем көшелері арқылы өтеді. Сәре әл-Фараби даңғылы бойындағы Тұңғыш Президент саябағы маңынан басталып, мәре Орталық стадионда аяқталады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қатысушылардың қауіпсіздігіне ерекше мән берілген. Қашықтық бойында медициналық қызмет көрсететін 90 волонтер, 13 веломедик, 8 медициналық пункт және 10 жедел жәрдем көлігі жұмыс істейді. Сонымен қатар, бейнебақылау жүйелері мен арнайы басқару орталығы іске қосылады.

– «Біз қатысушылар үшін жағдайды жүйелі түрде жақсартып келеміз. Айталық, мәреде ана



мен бала бөлмесі жұмыс істейді, ерлер мен әйелдерге арналған бөлек дәретханалар қарастырылған, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы дәретханалар орнатылады. Қазақстандағы жүгіру жарыстарын ұйымдастырушылар арасында бұл тәжірибені алғашқылардың бірі болып енгіздік», – деп атап өтті «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева.

Жарыс тек спорттық іс-шара емес, қала экономикасына да оң әсер етеді. 2024 жылғы зерттеуге сәйкес, марафон кезінде қатысушы-

лардың шығындары мен серіктес компаниялардың салық төлемдері айтарлықтай өсім көрсеткен. Бүгінде Алматыда 40-қа жуық жүгіру клубы жұмыс істейді. Сондай-ақ, марафон аясында әлеуметтік және экологиялық бастамалар жүзеге асады. Қатысушыларға 900-ден астам волонтер қызмет көрсетеді, қалдықтарды бөлек жинау ұйымдастырылады және қайырымдылық акциялары өтеді.

Айта кетейік, биылғы Almaty Marathon 27 қыркүйекте жоспарланған. Дәстүр бойынша жарыстан түскен қаражаттың бір бөлігі қайырымдылыққа бағытталады.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:





ӨЗАРА СЕНИМ МЕН ҚҰРМЕТ

Мемлекет басшысы Түркия Вице-президентімен кездесті

Осы аптада Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмаз елімізге алғаш рет сапармен келді. Жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесті. Сондай-ақ, Қазақстанның Премьер-министрі Олжас Бектеновпен екіжақты келіссөздер мен Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 14-ші отырысын өткізіп, екі елдің іскер топтарының өзара іс-қимылы мәселелері жөніндегі «Дөңгелек үстелге» қатысты.



(Дереккөз: Akorda.kz)

Экономикалық дипломатия

Астана Қазақстанның 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында бекітілген қағидаттарға сәйкес тұрақты халықаралық байланыс орнатып келеді. Сол қағиданың бірі сыртқы саясатты экономикаландыру. Осы қағидаға сәйкес сыртқы саясат экономикалық дипломатия аясында жүзеге асуда. Мұның айқын мысалы Түркиямен байланыс болып саналады.

Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмаздың елімізге жасаған алғашқы сапары қатардағы сыртқы саяси рәсім болып көрінгенімен, алайда оның саяси, сауда-экономикалық астары бар. Бұл жұмыс сапарының саяси астары мынаған саяды: биыл 14 мамырда Түркияның Президенті Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткізу жоспарланған. Кейін Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтеді.

Түркия басшысының Қазақстанға жасалатын мемлекеттік сапары туралы

ақпарат 2026 жылы 24 наурызда белгілі болды. Сол күні екі мемлекет басшылары телефон арқылы сөйлескен. Диалог барысында Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевты жалпыұлттық референдумның сәтті өтуімен және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылдануымен құттықтаған. Сондай-ақ, Қазақстанның Президентін биыл сәуірде Анталияда өтетін Дипломатиялық форум отырысына қатысуға шақырған. Қазақстан Президенті шақыруды ықыласпен қабыл алған. Осы аталған мәселелер мемлекет басшысының Джевдет Йылмазбен кездесуі кезінде де талқыланды.

Түркияның президенті мен вице-президенті елімізді жаңа Конституцияның қабылдауымен құттықтауы, Режеп Тайип Ердоғанның елімізге мемлекеттік сапармен келуі және Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қаты-

суы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анталия дипломатиялық форумына қатысуға ниет білдіруі секілді дипломатиялық қадамдар Астананың сыртқы саясатты экономикаландырудың белгілері болып саналады. Себебі, бұл дипломатиялық барыс-келістерде негізгі талқыланып отырған мәселелер сауда-экономикалық, инвестициялық тақырыптар болмақ. Бұл туралы Қазақстанның Премьер-министрі Олжас Бектенов 2026 жылы 2 ақпанда Әзербайжанға жасаған жұмыс сапары аясында өткен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер үкіметтері басшыларының кездесуінде мәлімдеген.

Бакуде өткен кездесуде өңірлік және жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы өзара іс-қимыл, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды кеңейту, көлік инфрақұрылымын дамыту және Орта дәліздің цифрлық интеграциясы, энергетикалық қауіпсіздікті ны-

ғайту перспективалары талқыланды. Премьер-министр Қазақстан Бішкекте өткен ТМҰ-ның XI саммитінде қол қойылған Цифрлік экономика саласындағы әріптестік туралы келісімді (DEPA) ратификациялауды тездетіп аяқтауға ниетті екенін мәлімдеген. Осы мәселелер Түркістанда өтетін бейресми саммитте талқылануы мүмкін.

Қарқынды сауда байланысы

15 сәуірде Қазақстанның Премьер-министрі Олжас Бектенов пен Түркияның Вице-президенті Джевдет Йылмаз Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 14-отырысын өткізді. Онда сауда, инвестициялар, өнеркәсіп, көлік және логистика, энергетика, цифрландыру және жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері қаралды.

Олжас Бектеновтың сөзінше екі ел арасындағы тауар айналымы өткен жылы 9%-ға артқан. Оның ішінде Қазақстан тауарларының экспорт көлемі 17,7%-дан астам өсіп, \$3,9 млрд.-қа жеткен. Демек, еліміз сыртқы сауда балансын сақтау аясындағы жұмыста оң нәтиже көрсетуде. Бұдан бөлек, екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыс көрсеткіштері бойынша мынадай ақпарат берілді:

- 2025 жылы түрік инвестициясы – \$390 млн.;
- Құны \$4 млрд. болатын 98 инвестициялық жоба іске қосылды;
- Теміржол арқылы жүк тасымалы 6,4 млн. тонна;
- Агроөнеркәсіптегі тауар айналымы 25% артып, \$360 млн.-ға жетті.

Осы тұрғыдан қарағанда Түркияның Вице-президенті Джевдет Йылмаздың елімізге жасаған алғашқы сапары екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық байланыстарды нығайта түседі деп болжауға болады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мәселелері талқыланды



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Қоғамдық коммуникациялар орталығында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі №6 комиссиясының жұмыс қорытындысы бойынша брифинг өтті.

Досбол АТАЖАН

Брифинг барысында комиссия тарапынан жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелері ұсынылды. Оның ішінде Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің №6 комиссия тәрәйымы Зәуреш Аманжолова қаладағы дәріханаларда сатылатын дәрі-дәрмектердің бағасына жасалған талдау туралы баяндады.

– Біздің байқағанымыз, кез келген дәріханаға кірсеңіз, бірде-бір препаратта, тіпті медициналық емес, гигиеналық бағыттағы тауарларда да бағаны көрмейсіз. Тек төлем жасауға келгенде ғана бағасын шығарып береді. Біз бұған назар аударып, тиісті органдарға жаздық.

Рецепт бойынша берілетін дәрі-дәрмектерде баға қойылмаса да, бірақ витринаға қойылған тауарлардың бағасы міндетті түрде жазылуы тиіс деп есептейміз, – деді Зәуреш Аманжолова.

Ал Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің №6 комиссия төрағасының орынбасары Богдан Джекпа қаладағы медициналық-әлеуметтік мекемелер қызметіне тоқталды. Оның айтуынша, жүргізілген талдау бірқатар мекемелерде оңалту, әлеуметтік бейімдеу және заманауи тәсілдерді енгізу бойынша маңызды жұмыстар атқарылып жатқанын көрсеткен. Алайда, шұғыл шешімді талап ететін тұстары да жоқ емес.

– Негізгі ұсыныстардың ішінде тәуелсіз сарапшылар мен ата-аналар өкілдерінің қатысуымен барлық меди-

циналық-әлеуметтік мекемелердегі тамақтану сапасына аудит жүргізу. Өйткені, бізге «Шаңырақ» мекемесі бойынша арыз-шағымдар түсті. Онда сырттан әкелінген тамақтан кейін балалардың улану деректері болған. Біз мекемелердің өз асханасы болғанын, балаларға тамақтың ыстық күйінде берілгенін қалаймыз. Бірақ бұл мекемелердің көбінде адам саны шамадан тыс көп және орын жетіспейді. Сондықтан Алматы қаласының әкімдігіне қосымша корпустар салу туралы ұсыныс жаздық, – деді ол.

Богдан Джекпа баспанасы жоқ адамдар тұратын «Пана» орталықтарына байланысты бірнеше мәселеге де тоқталды. Оның сөзінше, 300-ге жуық адам тұратын мұндай екі орталықтағы азаматтардың көбісі әлі күнге дейін КСРО уақытындағы төлқұжатпен жүр. Оларға құжаттарын рәсімдеп, Қазақстан азаматы атануы қиындық тудырады. Комиссия төрағасының орынбасары аталған мәселе бойынша қала әкімдігі мен полиция департаментіне хат жолданатынын атап өтті.

Өз кезегінде Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің білім беру мәселелері жөніндегі комитет төрағасы Рафаэль Гасанов жазғы демалыс маусымына балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерге дайындығы туралы айтты.

– Биыл жазғы демалыспен 289 мың бала қамтылады, бұл – мектеп оқушыларының жалпы санының 97 пайызы. Биыл қала сыртындағы лагерлерге 527 миллион теңге қарастырылған. Одан бөлек, биыл мектеп жанындағы лагерлер де

жұмыс істейді. Оған 60 мың бала қатысады және олар міндетті түрде ыстық тамақпен қамтылады. Дегенмен, әлі де шешімін таппаған өткір мәселелер бар. Өткен жылы Қоғамдық кеңес Оқу-ағарту министрлігіне «әлеуметтік әмиян» енгізу туралы ұсыныс жолдаған болатын. Бұл ата-аналарға таңдау құқығын береді. Қазір бәрі тендер мен конкурстық процедуралар арқылы мемлекетке жүктеліп қойған, бірақ ата-аналар да бұл процесске араласуы тиіс. Әлеуметтік әмиян болса, олар өздеріне ұнаған лагерьді таңдай алар еді. Бұл мәселе әлі қаралып жатыр, келесі жылы оң шешімін табады деп үміттенеміз, – деді Рафаэль Гасанов.

Брифинг барысында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің №6 комиссия мүшесі Анар Фазылжан Алматы қаласының қаланың тілдік бейнесі, әсіресе, мемлекеттік тілдің көшедегі жарнама сыйды визуалды ақпараттардағы сапасы туралы пікір білдірді.

– Қазір Алматының визуалды келбетіне көбірек мән беру керек. Яғни жарнамалар, жазулар, әртүрлі қаланың тұрғындары мен қала қонақтарына ақпарат беретін көрнекі құралдардағы мемлекеттік тілдің сапасы өте жақсы болуы керек. Бұл – біздің мәдениетіміздің көрсеткіші болады. Осы бағытта біз жұмыс атқарамыз. Елімізде жақында сыртқы жарнама туралы заң қабылданған. Сол заңға сәйкес, ең алдымен кез келген ақпарат мемлекеттік тілде жазылуы керек, содан кейін басқа тілдерде жазылуға рұқсат берілген. Осы талаптың өзі де кейбір объектілерде, нысандарда орындалмай жатқандарын көріп жүрміз, – деді ол.



ӨТКЕНГЕ – ІЗЕТ, ЕРЛІККЕ – ҚҰРМЕТ

Алматыда Беларусь консулдығы ашылды

Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрі Максим Рыженков бастаған делегацияның Алматы қаласына іссапары аясында бірқатар маңызды іс-шаралар өтті.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Сапар барысында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Беларусь делегациясымен бірге 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақ аумағындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

Делегация сондай-ақ, Даңқ музейі ғимаратында генерал Иван Панфиловтың немересі Алуа Байқадамовамен кездесіп, тарихи экспозициялармен танысты. Қонақтар қаладағы ортақ тарихпен байланысты бірқатар нысандарды аралады.

Іскерлік бағдарлама аясында Алматыда Беларусь Республикасының Бас консулдығының ресми ашылу рәсімі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

өтті. Салтанатты іс-шараға қала әкімі Дархан Сатыбалды, Беларусь СІМ басшысы Максим Рыженков, ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ермұ-

хамбет Қонысбаев, Қазақстанның Беларусьтегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Тимур Жақсылықов, Беларусьтің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті

Елшісі Алексей Богданов, Бас консул Денис Мелешкин, сондай-ақ, дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Бас консул Денис Мелешкиннің айтуынша, консулдың ашылуы екі ел арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

– Біздің негізгі мақсатымыз – халықтар арасындағы достықты арттырып, сауда-экономикалық байланыстарды дамыту. Сонымен қатар, ресми сапар аясында бірқатар мәдени іс-шаралар да өтті. Министр Даңқ музейіне келіп, Мәңгілік алауға және панфиловшылар ескерткішіне гүл шоғын қойды. Бұл – сапардың ерекше әсерлі әрі тағылымды бөлігі болды, – деді ол.

Беларусь елі өкілдерінің сапары аясында мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, делегация Мәңгілік алау мен панфиловшылар ескерткішіне гүл қою рәсіміне қатысты. Шетелдік делегация Алматының өндірістік әлеуетімен танысып, екіжақты экономикалық әріптестікті дамытуға бағытталған биржалық форумға қатысты. Бұған қоса, Беларусь кәсіпорындарының қызметімен танысу шаралары өтті.

ЖАДЫМЫЗДАҒЫ ЖАҢҒЫРЫҚ

Алматыда Желтоқсан ұйымдарының жетекшілері бас қосты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі бұл күнде тарих. Сол сұрапыл күндерге биыл 40 жыл толды. Осыған орай Алматыда Желтоқсан патриоттық ұйымдарының жетекшілері бас қосты. Алматы қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауында өткен конференция «Желтоқсан көтерілісінің тарихи тұжырымы» деген тақырыпты көтерді.



Нұрлан СҮЙІН

Желтоқсан ардагерлерімен өткен конференцияның тізгінін Алматы қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысы Айдар Есенбеков ұстады. Одан бөлек, Жұмыспен қамту және әлеуметтік басқармасы басшысы Бауыржан Жаубасов, Қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Жиында Желтоқсан көтерілісінің ел тарихындағы орны, оның мәртебесі мен саяси-әлеуметтік бағасы, көтеріліске қатысушылардың қоғамдағы жағдайы сөз болды.

Конференцияның негізгі баяндамасын журналист-зерттеуші, ҚР Журналистер және Жазушылар одағы мүшесі Ермек Зәңгіров жасады. Ермек Жұмахметұлы көтерілістің қырық жылдық тарихына шолу жасап, шетелдік басылымдардың сол кезде көтеріліс жайлы жазғандарын дерекпен келтірді. Ортаға салған деректерден сол кездегі батыстық басылымдардың оқиға туралы «Мызғымастай социалистік жүйеге сына түсті», «М.Горбачевтің билігі шайқалды...», «Қазақ жастарының көтерілісі қанша күн тұрады...» деген сыңайлы хабарлар таратқанын көруге болады.



Баяндамашы сөзінде алаңда тұрған жастардың өзі білмегенімен, бұл оқиға әлемге зор дүмпумен тарағанын айта келіп, мұндай дәйектер арқылы көтерілістің бүгінгі қоғамдағы орнын айқындап беруге болатынын алға тартты.

Жиында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың мәртебесі мен әлеуметтік жағдайы кеңінен талқыланды. Қоғам өкілдері мен сарапшылардың айтуынша, бүгінде желтоқсаншылардың орта жасы 60-тан асқанымен, олардың қоғамдағы орны мен құқықтық мәртебесі толық айқындалмаған. Олар Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы ардагерлері немесе Чернобыль апатының зардабын жоюшылар секілді ресми санаттарға теңестірілмеген.

Жиында атап өтілгендей, Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар ардагер мәртебесін алу үшін өздерінің қудаланғанын дәлелдей-

тін құжаттар ұсынуы тиіс. Алайда, кеңестік кезеңдегі архивтік деректердің жойылуы бұл процесті едәуір қиындатып отыр. Қырық жыл бұрынғы оқиғаларды құжат жүзінде дәлелдеу – қатысушылар үшін басты кедергілердің бірі.

Сонымен қатар, «ақталған» азаматтарға белгілі бір деңгейде әлеуметтік қолдау көрсетіліп отырғаны айтылды. Олардың қатарында қоғамдық көлікте тегін жүру, бір реттік қаржылай көмек пен медициналық қызметтер бар. Дегенмен, қатысушылар бұл шаралар мәселені толық шешпейтінін жеткізді.

Дегенмен, негізгі мәселе – Желтоқсан оқиғасына ресми тарихи баға беру және оны ұлттық деңгейдегі көтеріліс ретінде мойындау. Жиындағылар бұл оқиғаны қазақ даласындағы ірі тарихи қозғалыстардың қатарында қарастыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, куәгерлердің естеліктерін жинақтап, оны жас ұрпаққа жеткізу мәселесі де күн тәртібінде болды. Қатысушылар Желтоқсан тарихын мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының бағдарламасына жүйелі түрде енгізу қажет екенін айтты. Бұл, әсіресе, өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесі үшін маңызды қадам ретінде бағаланды.

Алматы қаласы әкімдігі, мәслихат депутаттары және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен жиын қорытындысында Желтоқсан көтерілісінің тарихи әділ бағасын алып, Қазақстан тарихындағы өз орнын табуы тиіс екені атап өтілді.

Алматыда бірқатар жас ғалым қоныс тойын тойлайды. Ғылым саласындағы жас мамандарды қолдау бағытында, оларға Мемлекет басшысының ұйғаруымен екі бөлмелі пәтер кілттері табысталды. Бұл – ғылыми қауымдастықты қолдап, елдің зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың бір бөлігі.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ОТАН ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Жас ғалымдар қоныс тойын тойлайды



Дана САДЫРҚАН

Қоныс тойын тойлағандардың қатарында түрлі ғылыми бағыттың өкілдері болды. Олардың ішінде әлеуметтану орталығының жетекшісі Шырын Тіленшиева, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті физика-техникалық институтының ғылыми қызметкері Арман Әмірзақов, сондай-ақ Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті жылу энергетика мен физика кафедрасының аға оқытушысы Мәдина Құмарғазина да бар.

Жас мамандардың үйлі болуы – өзін ғылым жолына арнаған жандар үшін үлкен демеу. Енді олар Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» ықшамауданындағы жаңа үйдің тұрғыны атанды. Олар мұндай қолдаудың тұрмысқа алаңдамай, ғылыми ізденіспен айналысып, кәсіби өсуге ынталандыратынын айтады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, ғылымды дамыту – мемлекеттік саясаттағы басты басымдықтың бірі. Бұл ғалымдарға қолайлы орта қалыптастырып, кадрлық әлеуетті нығайтып, ғылыми жетістікті ынталандыруға бағытталған жүйелі жұмыстың арқасы. Мұндай бастама алдағы уақытта жастарды ғылымға тартып, олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті бола түсуіне сеп болмақ.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ТОҚСАНДЫҚ ТАБЫС

Жалпы ішкі өнім 3%-ға артты

«Біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын және ағымдағы жылдың I тоқсаны үшін республикалық бюджеттің орындалуын қарастырдық. Осы кезеңде нақты ЖІӨ өсімі 3% болды», – деді Олжас Бектенов Үкімет отырысында.

Жыл басынан бері ЖІӨ өсімі шикізаттық емес сектордағы тұрақты өсімнің арқасында қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі, көлік, құрылыс және сауда салалары өсім көрсеткен. Сыртқы экономикалық жағдайлардың нашарлауына қарамастан, дәл осы шикізаттық емес сектор тұрақтылық пен бәсекеге қабілеттілікті танытып отыр.

Үкімет отырысында Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин нақты сектордың (тауар өндірісі) өсімі 2,1% болғанын хабарлады. Оның айтуынша, сауда 4,8%-ға, байланыс қызметтері 3,9%-ға, ауыл шаруашылығы 3,4%-ға өскен. Өсімінің негізгі қозғаушы күші – инвестициялар. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 6,4%-ға артып, 3,5 трлн. теңге болды, оның ішінде жеке инвестициялар 20,9%-ға көтерілген.

«Биылғы жылдың ерекшелігі – қалыптасқан жағдайларға байланысты экономика мұнай секторынсыз өсіп отыр. Нақты сектордағы өсім 2,1%, қызмет көрсету өндірісі – 3,7%. Салалар ішінде ең жоғары өсім құрылыс, көлік қызметтері және өңдеуші өнеркәсіпте байқалады», – деді ол.

Электр энергиясымен, газбен, бу және ыстық сумен жабдықтау саласындағы инвестициялар 2,5 есеге, ақпарат және байланыс саласында 2 есеге, ауыл шаруашылығында 70,6%-ға, саудада 28,2%-ға, өңдеу

өнеркәсібінде 21,6%-ға, көлік қызметтерінде 7,9%-ға өсті.

Қаңтар–ақпан айларында сыртқы сауда айналымы – 21,7 млрд. АҚШ доллары болды. 12 млрд. доллар экспорт көлемінің ішінде өңделген тауарлар экспорты – 4,5 млрд. доллар. Импорт 9,6 млрд. долларға жетті. Сауда балансы оң болып, 2,4 млрд. доллардан асқан.

Өңдеуші өнеркәсіптегі өсім қаңтар–наурызда 8,5%-ға дейін жеделдеді. Өсім 18 өңірде тіркелді. Ең жоғары көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Жамбыл облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласы мен Жетісу облысында байқалды.

Өсім негізінен машина жасау саласында 21,9%-ға артумен қамтамасыз етілді, оның ішінде автомобиль жасау – 29,6%, электр жабдықтарын өндіру – 31,3%. Азық-түлік өндірісі 12,6%-ға, сусындар – 10%-ға, құрылыс материалдары – 37,1%-ға, металл бұйымдары – 39,3%-ға, фармацевтикалық өнімдер – 46%-ға, химия өнеркәсібі – 2,4%-ға өсті. Ал металлургияда өндіріс 6,3%-ға төмендеді. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібінде өндіріс көлемі 11,4%-ға қысқарды. Бұл мұнай өндірудің 19,8%-ға және табиғи газдың 15,1%-ға төмендеуімен байланысты. Биыл мұнай өндіру ЖІӨ өсіміне – 0,3 пайыздық тармақ әсер етеді деп жоспарланып отыр. Осы ретте көмір өндіру 12,8%-ға, металл кендері – 0,6%-ға, басқа пайдалы қазбалар – 39,4%-ға артты. Құрылыс жұмыстарының көлемі 14,8%-ға көтерілді.

2027 жылы ЖІӨ өсім 4,5%-ға дейін төмендеп, инфляция 9,5%-ға дейін азаяды деген үміт бар.



2026 жылдың қаңтар–наурыз айларының қорытындысына сәйкес, елдің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 3%-ға өскен. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдеді. Үкімет жетекшісі бұған дейін өткен кеңейтілген Үкімет отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының сапалы әрі тұрақты өсуін қамтамасыз етуді тапсырғанын еске салды. Бұл міндет өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру және өндірістерді технологиялық жаңғырту арқылы жүзеге асырылып жатыр.

● КӘСІП ПЕН НӘСІП

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Өсім бар, жұмыс тұрақты ма?

АЛМАТЫ

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ МЕН 2026 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АЛМАТЫДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕҢБЕК КӨРСЕТКІШТЕРІ:

Жалпы жұмыс күші (экономикалық белсенді халық) – шамамен **1,2 млн. адам**

Жұмыспен қамтылғандар саны **1,14–1,15 млн. адам**

Сауда және қызмет көрсету **30%** Білім беру, денсаулық сақтау **20%** Құрылыс, өнеркәсіп **15%** Көлік және логистика **10%**



Жұмыссыздар саны **53–55 мың адам** Сәйкесінше жұмыссыздық деңгейі **4,5%**

Ресми тіркелген жұмыссыздар саны: **1,14–1,15 мың адам** (яғни барлық жұмыссыздың жартысы ғана тіркелген)

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН 1,1 МЛН-НАН АСТАМ АДАМНЫҢ ІШІНДЕ:



Шаһар шындығы

Шаһардағы басты проблема – ашық жұмыссыздықтан гөрі жасырын жұмыссыздықтың белең алуы. Бұл құбылыс тұрақты, маусымдық жұмыс, төмен жалақы, біліктілікке сәйкес келмейтін қызмет, бірнеше жұмысты қатар істеуге мәжбүрлік секілді бірнеше түрде көрініс табады. Мәселен, қалада жаңа жұмыс орындары көптеп ашылып жатқанына қарамастан, олардың сапасы әртүрлі. Әсіресе, көп жағдайда қызмет көрсету саласындағы төмен жалақылы позициядағы азаматтар аталған құбылысқа жиі ұшырасады.

Алматыдағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4%. Бұл – ірі мегаполис үшін тұрақты көрсеткіш. Қалада жастарды қолдауға бағытталған алғашқы жұмыс орындары бағдарламалары, шетелден тағылымдамадан өткізу, қысқа мерзімді оқыту курстары белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Аталған бастамалар жастардың еңбек нарығына тез бейімделуіне мүмкіндік сыйлайды. Дегенмен, жұмыс тәжірибесінің болмауы, білім беру жүйесінің нарық талабына толық бейімделмеуі, кәсіби бағдардың әлсіздігі

сияқты мәселелер көп жағдайда жұмыссыздыққа алып келуі ықтимал. Соның салдарынан жоғары білім алған жастар өз мамандығы бойынша екі қолға бір күрек таба алмай, жанына жат басқа салаға кетуге мәжбүр болады.

Қалада жұмыс орындарын құру бағытындағы жүйелі жұмыстарды атап өту керек. Мәселен, 2024 жылы 73,9 мың жаңа жұмыс орны ашылса, 2025 жылы 87 мыңнан астам жұмыс орнын құру жоспарланды. Бұл көрсеткіштер шағын және орта бизнестің дамуы мен инвестициялық белсенділіктің артуымен байланысты.

Жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі қызмет көрсету саласында еңбек етеді. Сонымен қатар, құрылыс, көлік және логистика, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында да тұрақты өсім байқалады.

Қалада кәсіпкерлікті қолдау шараларының нәтижесінде 250 мыңға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Бұл өз кезегінде халықтың экономикалық белсенділігінің артқанын көрсетеді. Соның арқасында еңбек нарығында икемділік артып, азаматтардың табыс табу жолдары әртараптануда. Әсіресе, қызмет көрсету, сауда, IT және креативті индустрия салаларында жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр.

Өз кезегінде кәсіпкерліктің дамуы жұмыссыздықты азайтып қана қоймай, экономиканың сапалы өсуіне де ықпал етеді. Сондықтан бұл бағытта қалада шағын бизнестің үлесін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын көбейту жұмыстары жалғасуда.

Қолдау мен қорғау

Алматыда былтыр 17 мыңнан астам кәсіпкердің құқығы қорғалып, қалпына келтірілген қаржы көлемі 4,9 млрд. теңгеден асып түсті. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматыдағы Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау мен әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің басшысы Еркебұлан Бейімбет осылай деді. Жұмыс негізінен заңбұзушылықты жойып, бизнеске әкімшілік қысымды төмендетуді көздеген.

Оның айтуынша, бір жыл ішінде Кеңестің 14 отырысы өтіп, онда 33 мәселе қаралып, оның 21-і шешімін тауыпты. Бұл былтырғыдан 40%-ға артық. 109 заңсыз нұсқама мен 264 профилактикалық бақылау нәтижесі жойылып, 80 лауазымды тұлға жауапқа тартылған. Сотта 6 іс қаралып, 48 млн. теңге сомасында 8 кәсіпкердің құқығы қорғалып, 4 әкімшілік іс тоқтатылыпты.

«Біз барлық негізгі көрсеткіш бойынша оң өзгеріс байқап отырмыз. Қорғалған құқықтың саны да артып, қайтқан қаражаттың көлемі де ұлғайып барады. Бұл кәсіпкерлердің өз мүддесін батылырақ қорғай бастағанының белгісі. Біздің міндет – оларды қолдауды күшейтіп, жүйелі өзгеріске қол жеткізу», – деп атап өтті Еркебұлан Бейімбет.

Биылғы бірінші тоқсанда Кеңестің 5 отырысы өтіп, 13 мәселе қаралса, оның 8-і шешілген. Осы кезеңде 2049 кәсіпкердің құқығы 1,3 млрд. теңгеден астам сомаға қорғалды, 571 заңсыз өкімнің күші жойылып, 4 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылды.

Бетті әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.



БӘРЕКЕЛДІ!

Ғылымға салынған инвестиция



Алматыда «Климаттың өзгеруіне бейімделу және оның асалдарын азайтуға арналған технологиялар мен инновациялар» тақырыбында ауқымды ғылыми конференция өтті. Іс-шара Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Конференцияның ашылуы академик Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл қою рәсімінен басталды. Оған мемлекеттік органдардың өкілдері, ғылыми қауымдастық мүшелері және қоғам қайраткерлері қатысты. Ғылыми форумның маңызды

оқиғаларының бірі – Сәтбаев университетінде жаңа ғылыми-инновациялық алаңдардың ашылуы болды. Атап айтқанда, студенттер мен жас ғалымдарға арналған Smart Petro Hub инженерлік зертханасы университет қабырғасында іске қосылды. Ол әлеуметтік жауапкершілік аясында «Теңізшевройл» компаниясының қолдауымен құрылған. Жаңа зертхана жасанды

интеллект, Big Data және цифрлық модельдеу бағыттарында ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беріп, Қазақстанның геология және энергетика салаларындағы ғылыми әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

– Осы конференция аясында SmartPetroHub цифрлық аудиториясы салтанатты түрде ашылып жатыр. Оны жабдықтауға «Теңізшевройл» компаниясы демеушілік көрсетті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылды цифрландыру жылы деп жариялады. Ал осы кабинетте заманауи технологиялардың және жасанды интеллект арқасында біздің



болашақ мұнай инженерлеріміз түрлі кен орындарының компьютерлік модельдерімен танысып, жұмыс істей алатын болады. Біз жоғары білікті қазақстандық мамандарды дайындаудың маңыздылығын ерекше түсінеміз. Бүгінгі таңда ТШО қызметкерлерінің 96% қазақстандықтар, – деді «Теңізшевройл» ЖШС үкіметпен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі бас менеджері Нұрмұхаммед Қартабаев.

Еске салайық, «Теңізшевройл» – заманауи экономиканың қозғаушы күші айналған мұнай, газ және ілеспе өнімдер өндіретін еліміздегі жетекші компания. 1993 жылдың

6 сәуірінде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасындағы келісім негізінде құрылды. 1993 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде «Теңізшевройл» компаниясының Қазақстан Республикасына жасаған тікелей қаржылық төлемдері шамамен, 212 миллиард АҚШ долларына жеткен.

Бұл сомаға қазақстандық қызметкерлердің еңбекақысы, отандық тауар өндірушілер мен өнім берушілерден сатып алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер, мемлекеттік кәсіпорындарға жасалған төлемдер, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке аударылған салықтар кіреді.

БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

Әлеуметтік зерттеулер қай деңгейде?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Қазақстандағы Ғылым күні мен әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерді дамытудың болашағына арналған баспасөз конференциясы өтті. Спикерлер қазіргі білім беру жүйесінің жаңару кезеңін жан-жақты талқылады.

Дана
САДЫРҚАН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика ғылымының докторы, профессор Ақмарал Мағауова инклюзивті білім берудің әділетті де тұрақты қоғам қалыптастырудың маңызды шарты екенін мәлімдеді.

«Қазіргі әлем жаңа білім беру парадигмасына көше бастады, оның орталығында адам мен оның дамуы тұр. Инклюзивті білім беру осы жүйенің ажырамас бөлігіне айналып барады. Ол білім мен мүмкіндікке әр адамның бірдей қолы жететін қоғам қалыптастыруға ұмтылады», – дейді спикер.

Бүгінде елде инклюзивті жоғары білім беру жүйесі қалыптасып келеді. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға мамандық алып, қоғамға кірігуге жол ашады. Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне қарағанда, қазір жоғары оқу орнында 1400-ден астам мүгедектігі бар студент білім алып жатыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доцент-зерттеушісі Гүлнара Исмуханова Қазақстандағы әлеуметтік қақтығысқа қатысты жобаның нәтижесін ұсынды. Зерттеу адамдардың мінез-құлқын құндылықтар жүйесі арқылы түсіндіретін халықаралық теорияларға негізделген. Спикердің айтуынша, әртүрлі топтардың негізгі ұстанымының сәйкес келмеуі көбіне қоғамда шиеленістің тууына себеп болып жатады екен.

«Құндылықтың кез келген айырмашылығы қақтығысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан қақтығыс-

ты тіркеп қана қоймай, оның табиғатын түсіну керек. Біз Қазақстандағы ең кең таралған қайшылық түрлерін жіктеп, оларды қалай басқаруға болатынын анықтай аламыз. Бұл қауіп-қатерді алдын ала болжап, оның алдын алу үшін жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Гүлнара Исмуханова.

Педагогика ғылымының докторы, профессор Әйгерім Мыңбаева психикалық денсаулыққа деген қызығушылықтың артып келе жатқанын, мамандар қызметіне сұраныс өскенін айтты.

«Бүгінде Қазақстанда да, бүкіл әлемде де психикалық денсаулықты сақтау мәселесі өте өзекті болып отыр. Өмірдің тез өзгеруі, болашаққа деген сенімсіздік күйзеліс пен мазасыздықты күшейтеді. Біз күйзеліске тап болған адамдардың көбейіп, агрессия мен қақтығыстың жиілегенін көріп отырмыз. Адамдар бір-бірін тыңдаудан қалып барады», – деді Әйгерім Мыңбаева.

ҚазҰУ ғалымдары жастардың жағдайын теңеңрек түсінуге көмектесетін зерттеулер жүргізіп жатыр. Философия ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Жақыпбек Алтаев отандық фарабитану мектебі жүйелі ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, халықаралық деңгейде мойындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу, аудару мен насихаттау жұмысы 1960–1970 жылдары басталып, қазір жаңа деңгейге жеткен.

Брифинг барысында гуманитарлық ғылымдардың замандық даму бағыттары да таныстырылды. PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Динара Үтебаеваның айтуынша, интернет пен әлеуметтік желі ақпарат тарататын арна ғана емес, жаңа діни тәжірибе мен бірегейлікті қалыптастырар кеңістікке де айналған. Демек, алдағы зерттеулер алгоритмдердің, жасанды интеллектің ықпалы, медиасуаттылық пен онлайн-радикализацияның алдын алу мәселесіне бағытталмақ.



БРИФИНГ

Еріктілердің халықаралық жылы аясында бірнеше іс-шара өтіп жатыр. Талқылауға мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері мен еріктілердің өздері де қатысты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде еріктілер ұйымының өкілдері хабарлады.

Алматы – еріктілер қаласы

«Ұлттық еріктілер желісі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры Татьяна Миرونюктың айтуынша, кейінгі жылдары Қазақстанда еріктілердің деңгейі өсіп, олар азаматтық қоғамның маңызды бөлігіне айналған. «Волеуерлік ұйымдардың саны 2020 жылы 224-тен былтыр 810-ға дейін төрт еседей өсті. Сонымен қатар, еріктілердің саны да айтарлықтай артты. 2020 жылы шамамен 50 мың белсенді қатысушы болса, бүгінде олардың саны 300 мыңнан асты. Бұл алты еседен астам өсім. Жыл сайын елімізде 60 мыңнан астам ерікті жұмысқа тартылады», – деді Татьяна Миرونюк.

Оның айтуынша, саланы дамыту өңірлермен әріптестікке, халықаралық ынтымақтастыққа және мемлекеттік органдармен жүйелі өзара іс-қимылға негізделген. Қазіргі уақытта салалық министрлікпен бірлесіп, еріктілерді қолдаудың бірыңғай тұжырымдамасы әзірленіп жатыр, онда қозғалысты қатысушылардың ұсынысын да ескереді.

Алматыдағы еріктілердің фронт-офисінің жетекшісі Қымбат Нұрәулет қалада қозғалыс едәуір өсіп, жастар оған белсене қатысып жатқанын айтады.

«2025 жылдың қорытындысы

бойынша фронт-офис 58 мыңнан астам еріктіні біріктіріп, 2000-нан астам іс-шара ұйымдастырды. Жұмыс экологиядан бастап төтенше жағдайларға дейін жеті бағыт бойынша жүргізіледі», – деді ол. Спикер қоғамдық қауіпсіздікке қосқан үлесі де атап өтті. «НаркоСтол» жобасы аясында 18 мыңнан астам есірткі жарнамасы жойылып, киберволонтерлердің көмегімен 197 заңсыз интернет-ресурс бұғатталған.

2026 жылы Алматыда бірнеше жаңа бастаманы жүзеге асыру жоспарланып отыр. Олардың қатарында еріктілер сағатын есепке алу, ынталандыру жүйесі мен «еріктінің паспорты» енгізілетін бірыңғай цифрлық экожүйені қалыптастыруға бағытталған «Almaty Volunteers 2026» қалалық бағдарламасы бар.

Сонымен қатар, ұйымдар арасында әлеуметтік бастамаларды эстафета ретінде жеткізу арқылы өзара көмек мәдениетін нығайтуды көздейтін «Алматы Жақсылық эстафетасы» жобасы іске қосылды. Экологиялық бағыты «Eco Almaty Volunteers» қозғалысы арқылы күшейіп, эко-сақшылар, сенбілік пен көгалдандыру акциясы ұйымдастырылады.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ – 90

Биыл қазақтың қабырғалы қаламгері Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толып отыр. Бұл – тек қаламгердің мерейтойы ғана емес, ұлттық руханият үшін айтулы кезең. Жазушы қалам қуатын ел тағдырымен ұштастыра білді, сондықтан да оның шығармалары уақыт өткен сайын бағасы да биіктеп, жаңа буын оқырманымен қайта қауышуда.

ТАҒДЫРЛЫ ТАЛАНТ, МІНЕЗГІ ҚАЛАМГЕР



Рая
ЕСКЕНДІР



Осынау мерейтой аясында ҚР Ұлттық кітапханасында «Дәуіріміздің дарабоз жазушысы» атты еске алу кеші өтті. Қаламы қарымды, сөзі салмақты жазушының әдеби мұрасын насихаттауға және оның ұлттық руханияттағы орнын танытуға бағытталған кешке ақын-жазушылар, мәдениет қайраткерлері және БАҚ өкілдері, әдебиетсүйер қауым қатысты. Кеш барысында кітапхана қорынан арнайы көрме ұйымдастырылып, жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиеттанушылар мен зиялы қауым өкілдері әсерлі естеліктердің тиегін ағытты.

Кешті Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибек ашып, жазушының әдеби



мұрасы мен өмір өнегесі жайында ойларын ортаға салды:

– Қабдеш Жұмаділов – тарихи тақырыпты терең меңгерген, ұлттық болмысты

айқын бейнелеген суреткер. Оның қаламынан туған «Дарабоз», «Соңғы көш», «Тағдыр» сынды романдары қазақ халқының күрделі кезеңдерін, елдік пен ерлікті,

тағдыр мен талайдың таразысын шынайы суреттейді. Әсіресе, шекара сыртындағы қазақтардың тағдыры мен елге оралу жолындағы күресі жазушы шығармаларының өзегіне айналды. Ол кейіпкерлер тағдыры арқылы тұтас бір дәуірдің шындығын ашып, ұлттық сананың жаңғыруына қызмет етті, – деді.

Ол сондай-ақ, 90 жылдық мерейтой аясында қаламгердің әдеби мұрасын насихаттау, есімін ұлықтау бағытындағы шаралар республикалық деңгейде жалғасын тауып жатқанын да жеткізді. Әдеби кеште Қабдеш қаламындағы елдік рух, азаттық идеясы мен тарихи шындық бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды екені баса айтылды. Кеш барысында қаламгердің шығармаларынан үзінділер оқылып, оқырмандарына ерекше әсер сыйлады. Кеш қонақтары Қасымхан Бегман, Бауыржан Жақып, Ғазиза Құдайбергелқызы, Әмірхан Меңдеке, тағы басқа зиялы қауым өкілдері сөз алып, жазушының азаматтық болмысы мен қайраткерлік қырын да ерекше ілтүпатпен еске алды.

Жиын соңында жазушының жаңа еңбегінің тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты. Ұйымдастырушылар болса мұндай тағылымды кездесулердің жас ұрпақты әдебиетке баулуда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызы зор екенін де атап өтті. Еске алу кешінің соңында жазушының ұлы Арман Жұмаділов көпшілікке ризашылығын білдірді.

Қазақ әдебиетінде Қабдеш Жұмаділовтің шығармалары ұлттық тарих пен тағдырлы кезеңдерді көркем бейнелеген құнды туынды ретінде жоғары бағасын алды. Оның әдеби мұрасы – кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына, олар тек көркем шығарма ғана емес, ұлттың өткені мен бүгінін жалғап, болашаққа бағыт сілтейтін рухани темірқазық болып қала бермек.

ЕРСАЙЫН АБДРАХМАНОВ – 80

Биыл – Қазақ анимация өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі Ерсайын Абдрахмановтың 80 жылдығы. Анимациялық және деректі кино шебері көзі тірісінде ұлттық экран өнерінің алтын қорына «Бозторғай», «Қозы мен Қосаяқтың жақсылық іздеуі», «Қызғылт ешкілер елінде» атты қайталанбас туындыларын қалдырды. Өнер иесін еске алып, шығармашылығын насихаттау мақсатында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында арнайы «Дөңгелек үстел» өтті.



ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ШЕБЕРІ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Режиссер, суретші әрі педагогтың мерейтойлық іс-шарасы «Режиссер және ұстаз Ерсайын Абдрахмановтың мұрасы» деп аталды. Мерейтойлық кешке өнер және мәдениет саласының майталмандары, университет оқытушылары мен студенттері, режиссердің шәкірттері және әріптестері қатысты.

Ерсайын Абдрахманов анимациядан бөлек деректі кино саласында да табысты еңбек етіп, «Жаңа Арқа» және «Өлім транзиті» атты бейнефильмдерді дүниеге әкелді. 1993–2001 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Кино факультетінің деканы қызметін атқарып, жас мамандарды тәрбиелеуге, анимация мен режиссура саласының дамуына үлес қосты. Сонымен қатар, ол

«Батыр Баян» көркемсуретті фильмінде костюм үлгілерін жасаушы суретші ретінде еңбек етіп, кейіннен «Ер» студиясы арқылы фильмге продюсер қызметін атқарды.

«Өкінішке қарай, талантты режиссер 2001 жылы өмірден өтті. Дегенмен, оның жарқын бейнесі мен шығармашылық мұрасы ұмытылған жоқ. Ерсайын Абдрахманов қазақ анимациясының негізін қалаушы Әмен Қайдаровтың ізбасары болды. Талантты режиссер ғана емес, білікті ұстаз ретінде де ерекшеленді. Оның шәкірттері бүгінде елге танымал режиссерлерге айналып, шығармашылық жолын жалғастырып келеді. Ал өзі еңбек еткен факультет бүгінге дейін жұмысын жалғастырып, жаңа буын кинематографистерді даярлап жатыр», – деді Анимация режиссурасы және интерактивті медиа кафедрасының меңгерушісі Адай Әбелдинов.



Режиссерді еске алуға арналған жиында кинотанушы, өнертану магистрі Нұргүл Абдулланың «Кинорежиссер Ерсайын Абдрахманов» атты монографиялық кітабының тұсауы кесілді. Оның Е.Абдрахманов шығармаларын зерттеуіне кинотанушы әрі ұстазы Бауыржан Нөгербектің жол көрсетуі себеп болған. 2016 жылдан бастап режиссердің өнер мұрасын зерттеген. Дипломдық жұмыс ретінде басталған ізденіс еңбегінің нәтижесінде бүгін Ерсайын Абдрахманов шығармаларына арналған монографияға айналған.

Автордың айтуынша бұл еңбек аниматорлар үшін ғана емес, режиссура мамандығында білім алып жатқан студенттер үшін де маңызды бағыт-бағдар беретін негізгі оқу құралдарының бірі бола алады. Оның себебін былай деп түсіндіреді:

«Еңбекте кинотанушылық тұрғыдан терең талдаулар жасалған. Мәселен,



режиссер шығармашылығындағы негізгі тақырыптардың бірі – жақсылық пен жамандықтың өзара тартысы. Бұл тақырып көптеген фильмдерде кездеседі, алда Ерсайын Әбдірахманов

оны өзінің режиссерлік көзқарасы арқылы ерекше жеткізе білген. Сонымен қатар, еңбекте қазақ анимациясының негізін қалаушы Әмен Қайдаровтың шығармашылығы мен Ерсайын Әбдірахмановтың туындылары қатар талданады. Яғни Әмен Қайдаровтың ерекшелігі қандай, ал Ерсайын Әбдірахмановтың тақырыпты қозғаудағы өзіндік қолтаңбасы неде деген мәселелер кеңінен жазылған», – дейді кинотанушы Нұргүл Абдулла.



ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – 90

ОТТЫ ЖЫРДЫҢ ОҒЛАНЫ

Олжас Сүлейменов – дүние назарынан қалыс қалып келген көшпелілер өркеніетін шығармашылығына шырақ қылып тұтқан ақын. Шетелге сапар шеге қалсаңыз, интеллектуалды кеңістіктегі әлеумет сізден міндетті түрде Олжас Сүлейменов хақында сұрайды. Ақынның дала мәдениеті, түркі өркеніетіне тамыр бойлатқан баяни бітіктерін, ересен еңбектерін құныға талдайды. Биыл отты жырдың оғланы Олжас Сүлейменов – тоқсанның тұғырында. Мерейтой қарсаңында ол туралы ой-мақтай ойды оқырманға ұсынғанды жөн деп білеміз.

Дастан
ҚАСТАЙ

Дала аңсаған ақын

Біздің төл поэзиямызға ең жақын көкжиек – дала. Дала – данышпан. Дала – шайыр. Дала – отты жырдың буындасы. Дала төсін төпелеген көк нөсер де, игілік болып биікке ұмсынған қызыл жусан – боз селеу де, ұйытқи соққан шаң-борасын, жылғаланған жырларға табан-бүр болған ши-бөгесін, аппақ қар жамылғысын сөге шығып, шешек атқан қарғалдақ та, біз санамалап айтқанның бәрі де ұлт поэзиясының иірімдері, нақ бедері. Аңдасаңыз, Олжас жырының дария жағасына жағалай қоныстанып алған дала бейнесі де қазақы мәрт, аңғал қалпынан танбаған. Қозғалыс, тіршілік алаңы тұрыпты ғұмыр кешіп, жаратылысқа қатысты пайым есу, білім өндіру меркезі атанады.

Мәселен, Олжас Сүлейменов жырлаған үйлер сағым ішінде сылаң қағып, «жүзіп жүреді», салқар көш те төте іздерді қуалап, тым көне түздерді бағытқа ала отырып жөңкіледі, өмірдің өзі құдіретті Көктің саясында мәңгілік мұратына жетеді. Бір сөйлемге сыйдырар болсақ, Сүлейменов біз жақсы білетін хәм жете біле бермейтін дала туралы ЖЫР жазады.

«Ықылым замандардан бергі төл тарихымызға ықиласым ауған бозбала шағымнан түпкі тегімізді, байырғы бабалар жүріп өткен жолдарды, тілдің төркінін тануды мақсат тұттым. Өзім түйсініп қана қоймай, өзгелерге танытуға талпыныс тың бағытқа



бастады», – дейді ақын бір сұхбатында. Демек, ақынның дала төсіндегі ұлы сапары «өзінен басталып, өзіне қарай» көш түзеді. Өзін тану жолында қазақты тануға құлшынғанын, ат ізі, адам сүрлеуі түспеген небір беймәлім түздерге тұяқ іліктіруге талпынғанын, толымды тұстар мен ақсораң алаңқайлар арасында ат сабылтып, аламандатқанын ашық айтады. Қазақтың келешек жүзжылдықтарға есен-сау жетіп, төрткүл дүниенің дәулеттерімен қатар терезесі тең тұрғанын, ешкімге жалтақтамай, жасампаздық пен жеңіскерлікке ұмтылғанын қалайды.

Олжас Сүлейменовтің Арғымағы – халқының апақ-сапақта көз жазып қалған рухани мұқаммалын қайтара жарияға жеткізсем деп жүйтікпен желтабан. Шабыскерді Иван Драч, Дмитро Павлычко, Владимир Яворивский сынды Украина әдебиетінің өкілдері «күллі әлем деңгейіндегі қазақ» деп бағалайды. Француз әдебиетшісі, мәшһүр тілтанушы Леон Робель болса «Гильгамеш, Гюго, Хлебниковтардың заңды мұрагері» деп атайды. Өн бойына тоқсан түрлі өнер тоғытқан ақын мұның бәрін де қош көрер, бірақ өзіне өзгеше таныстыру теледі, қазақ қалыбынан шығып барып шетке жеткен, көпке танылған, перзеттік парызын өтеген азаматпын деп толғанады.

Ақынның қоғамшыл, қазақшыл идеясы ұлттық әдебиетке деген көзқарасынан аңдалады. Ол төл әдебиетімізді адамзаттық

сананың кеніші ретінде тани отырып, ұлттық бояу-зерін жоғалтпауға тиіс деген тоқтамға келеді. Әлем әдебиеті деген түсінікті жоққа шығарып, руханият ісіндегі дербестік пен тұтастыққа өзінше шырай дарытады. Талант пен түйсіктің үйлесімінен туған туындылар ғана адамияттық санаға ізгілік болып құйыларын қуаттайды.

Алматыдағы алқалы жиын

Әлемге аты жайылған ақынның мерейтойына орай халықаралық деңгейдегі түрлі фестиваль, мәдени жиын, айшықты алқасөздер өтіп жатыр. Ұлттық кітапхана ғимаратында өткен кезекті бір кешке арнайылап бардық. Парасат ордасында әдебиет пен ғылым саласының мамандары, қарқара зерттеушілер, студенттер мен жалпы оқырман қауым бас қосты. Атап айтқанда, рухани кешке философия ғылымдарының докторы, профессор, фарабитанушы Жақыпбек Алтаев, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин, журналистика теоретигі, белгілі зерттеуші Сағымбай Қозыбаев, Болат Өтемұратов қоры Бас директорының орынбасары Гүлмира Мурзалинова, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайберген қатысты.

Жиында сөз алғандар Олжас Сүлейменов шығармашылығының бірнеше буынның дүниетанымына ықпал еткенін ерекше атады. Ақын поэзиясындағы терең ой, биік



парасат, адамзаттық құндылықтар мен қоғам алдындағы жауапкершілік жайы сөз болды.

Дәл осы жиында «Поэмалар кітабының» тұсауы кесілді. Бұл басылымға Олжас Сүлейменовтің классикалық поэмалары, бұрын-соңды жарияланбаған туындылары кіріккені хабарланды. Кеш соңында көрермен назарына «Қазақфильм» киностудиясы мен IG company ұсынған «Адамдарды алдаған емеспін» атты деректі фильм ұсынылды. Туындыда белгілі қаламгер, ақын, аудармашы әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің шығармашылық және азаматтық болмысы кеңінен көрініс тапты.

P.S.:

Олжас Сүлейменов ақсақал 90 жастың биігіне шықты. Ұлт әдебиетінің торқалы тойы. Аз ғұмыр емес. Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Бекежан Тілегенов сынды жазушыларымыздың естеліктерін оқып отырсақ, ақсақалдың өз жырындай сұлу тірлік кешіп келе жатқанын аңдаймыз. Одақты басқарған жылдары арзу-базынасын айтып барғанның бетінен қақпапты, талантты жастарға, талапты іні-қарындастарға қамқор болыпты, Димекенің ерекше махаббатына бөленіпті, ой-пікір, ұстанымын бүге-жектемей, бұқпантайламай ашық айтыпты... Бізге Олжас Сүлейменовтің көне дәуір күмбірін сіңірген күйі, қат күйі, тарих тағантасына қаланған күйі бертінге жеткен сөздерді «сөйлеткені» қызық.

Отты жырдың оғланы әрі сөз археологының ғұмыр жасы ұзақ болсын!

«Махаббат – мәңгі ертегі»

ӘУЕН МЕН СЕЗІМ ҮНДЕСКЕН КЕШ

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі сахнасында «Махаббат – мәңгі ертегі» атты әсерлі концерт өтті. Бірегей музыкалық жоба ұлттық ғашықтар күні саналатын Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Кеш көрерменді нәзік сезімдер әлеміне жетелеп, махаббаттың мәңгілік тақырыбын әсем әуенмен өрнектеді. Концерт бағдарламасында ұлттық оркестрдің сүйемелдеуімен ең таңдаулы лирикалық шығармалар мен жүрекке жылы әсер ететін сырлы туындылар орындалып, залға ерекше атмосфера сыйлады. Музыка мен сөз үйлесімі тыңдарманды терең толғанысқа бөлеп, әрбір әуен махаббаттың сан қырын сезіндірді.

– Ғашықтар күніне арналған концертті өткізу жыл сайын дәстүрге айналып келеді. Бүгінгі кештегі шығармалардың өзі адамзатқа ортақ сүйіспеншілік сезімін жеткізеді. Ұлттық оркестрмен бірге Қазақстан эстрадасының жарық



жұлдыздары – Еркеш Хасен, Абиқ Жексен және Аружан Данышпан өнер көр-

сетті. Өнер иелерінің орындауындағы әсерлі әндер кештің көркемдік мазмұ-

нын байыта түсті, – деді оркестр директоры Медет Қуанышев.

Ұлттық оркестрдің бас дирижері – «Құрмет» орденінің иегері Абылай Тілепберген. Сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жексен Айсын және республикалық байқаулардың лауреаты Нарын Қажығали дирижерлік шеберліктерін танытып, кештің музыкалық деңгейін биіктеге түсті.

– Бұл мереке бекітілгелі бері қазақтың ұлттық оркестрі неге осындай маңызды күнді концерт арқылы көрерменге ұсынбасқа деген ой туындады. Бағдарламада қазақтың күйлері мен әндерінен бөлек, шетелдік туындылар да орындалды. Бұл – көрерменге жаңа әсер сыйлаудың бір жолы, – деді бас дирижер Абылай Тілепберген.

«Махаббат – мәңгі ертегі» концерті көрерменге ерекше көңіл күй сыйлап қана қоймай, музыка мен сезім үндестігін тереңнен паш еткен мазмұнды рухани кешке айналды. Осындай жобалар ұлттық өнердің жаңа тынысын ашып, көрермен мен сахна арасындағы байланысты одан әрі нығайта түсетіні сөзсіз.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



16 СӘУІР – ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАП ЖҮРМІЗ БЕ?

Қоқыс таситын көлік жүргізушісінің бір күні

Таңғы сағат төрт. Талғар қала-сында тұратын Әділхан Әлімба-тырұлы дәл осы уақытта оянып, жұмысқа қамданады. Кейіпкеріміз жолға шыққанда Алматы әлі де таңғы ұйқыда, көшеде көліктер сирек, көпқабатты үйлердің терезелерінде жарық әлі жана қоймайды. Ған. Жұмыс орнына сағат 6.30 шамасында жететін ол, қызмет көлігіне отырып, күнделікті жұмысына кіріседі. Ол қандай жұмыс дейсіз ғой?



(Суретті түсірген автор).

Әрине, бәрі бір адамның жұмысы емес, бірнеше адамның бірлескен еңбегін қажет етеді», – деді кейіпкеріміз.

Әділхан ағаның әр күні бір тәртіппен өтеді. Жұмысы ерте басталғандықтан, таңғы уақыттың қадірін жақсы біледі.

«Өзім Талғар жақта тұрамын. Алты жарымда жұмыс орныма болу үшін, таң алакеуімде үйден шығамын. Жұмысымыз таңертең 08.00-ден кешкі 17.00-ге дейін жалғасады, – дейді ол.

Ол жүргізетін көлік – қоқыс тасуға арналған арнайы техника. Оның жанында екі жұмысшы болады. Олар контейнерлерден қоқысты тиіп, көлікке орналастырады. Ал Әділхан аға көлікті жүргізіп, бағыт бойынша қозғалысты реттеп отырады. Күніне бірнеше тонна қоқыс тасиды. Бұл бригада қаладағы ең ірі әрі халық тығыз орналасқан аумақтардың бірі – Медеу ауданындағы бірнеше көшенің тазалығына жауапты. Әр аумақ жеке-жеке бөлініп, әрқайсысына жауапты бригадалар бекітілген.

«Абай көшесінен төмен қарай Төле би көшесіне дейінгі аумақты қамтимыз. Барлығы он үш көше бар. Сол көшелердегі қоқыс орындарын аралап шығамыз.

Бізде әр аумақ квадраттарға бөлінеді. Мысалы, біздің өзіміздің квадратта шамамен, қырық шақты адам бар», – дейді тәжірибелі жүргізуші.

«Тазалық табалдырықтан басталады»

Он үш көшені күн сайын аралап шығу – оңай жұмыс емес. Әр қоқыс жәшігінің уақытылы тазалануы тұрғындардың жайлы өмір сүруіне әсер етеді.

Әділхан ағаның айтуынша, бір күнде бірнеше рейс жасайтын күндер болады екен.

«Барлық мезгілде жұмыс көп. Әсіресе, күзде жапырақ түскен кезде екі-үш рейс жасауға тура келеді. Ол кезде жұмыс көбейеді. Кем дегенде елу-алпыс шақырымдай жүреміз. Бізден жоғары

орналасқан аумақтарда жұмыс істейтіндер жүз шақырымға дейін жүреді», дейді ол.

Ал қыс мезгілі – коммуналдық сала қызметкерлері үшін ең қарбалас кезеңдердің бірі. Қар түскеннен кейін көшеде қарқынды жұмыс басталады.

«Суық кезде қиынырақ. Бірақ жұмыс болған соң, бәріне үйренесің. Біздің жұмыс ауа райына қарамайды. Жылдың төрт мезгілінде де қаланың тазалығына жауаптымыз. Қазақта «Тазалық табалдырықтан басталады» деген сөз бар. Қазір «Таза Қазақстан» республикалық науқаны басталғалы, қоршаған ортаға, экологияға көп көңіл бөліне бастады. Әрбір тұрғында тазалық мәдениеті болса екен. Қаламыз көркейіп, жайқалып тұрса, сол біздің еңбегіміздің ақталғаны емес пе?!», – дейді ол.

Кейінгі жылдары салаға жаңа техникалар әкелініп, жұмысты біршама жеңілдеткен. Бұрынғы көліктерге қарағанда қазіргі техника әлдеқайда ыңғайлы. Осы көліктерге тиеліп, жиналған қоқыс арнайы орындарға жеткізіліп, әріқарай үлкен жүк көліктеріне тиеледі. Одан кейін қаланың сыртына тасымалданады.

«Бәрі бірдей түсіне бермейді»

Қала тазалығын коммуналдық қызметкерлердің ғана мойнына жүктеп қою дұрыс емес, тұрғындардың да жауапкершілігі болу керек екенін ол ерекше атап өтті. Кейіпкеріміздің сөзінің жаны бар. Алматының ажарын әдемі ғимараттар мен көрікті гүлзарлар ғана ашпайды. Көшелердің таза болуы, қоқыстардың қоқыс жәшігінде емес, жанында шашылып жатпауы да маңызды. Көбіне біз қала тазалағын тазалықпен айналысатын жандарға ысырып қоямыз...

«Кейде «сендердің міндеттерің емес пе, сол үшін ақша алып отырсыңдар» деп айтатындар барын да естіп қалып жатамыз. Ауа райы қандай болса да, уақытпен санаспай жұмыс істейміз. Дегенмен, кей адамдардың осындай сөздері көңілге тиіп қалады», – деді кейіпкеріміз.

Кейіпкеріміз әңгіме үстінде көп жылдық еңбектен кейін зейнеткерлікке шығатын уақыт жақындап қалғанын айтып қалды.

«Биыл тамыз айында зейнетке шығамын. Үш-төрт ай ғана қалды. Бір қарағанда, қарапайым көрінгенімен, жұмыс шын мәнінде үлкен төзімділік пен жауапкершілікті талап етеді», – деді сөзінің соңында.

P.S. Олар аз жалақыға налымайды. Еңбегі көзге көрінбей, бағасы да жалғастыра береді. Күн сайын таң бозара бастағаннан кеш қарайғанша қала тазалығы үшін еңбек етуін тоқтатпайды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметкерлерінің жұмысына орынсыз мін таға бермей, қарапайым еңбек адамдарының еңбегін көре білейік дегіміз келеді.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Судың да сұрауы бар»

Алматыда борышкерлерге ыстық су беру шектеледі

Шаһарда коммуналдық қызмет жылу энергиясы үшін төлемеген тұтынушылардан берешекті сот арқылы өндіріп алуды, сондай-ақ қарыз толық өтелгенге дейін пәтерлерде ыстық су беруді шектеуді жоспарлап отыр. Бұл туралы «Алматы жылу жүісі» ЖШС баспасөз қызметінің өкілдері айтты.

Бірнеше мәрте ескерту жасалғанына қарамастан, кейбір тұтынушылар қызмет көрсетуші ұйымның заңды талаптарын орындамай отыр. Қазіргі таңда күн сайын ондаған борышкерге ыстық су беру тоқтатылуда.

2026 жылдың басынан бері Алматыда төлем жасамаған 623 абонентке ыстық су беру тоқтатылды. 2204

борышкерге қатысты сотқа талап-арыз берілді. 256 тұтынушының мүлкіне тыйым салынды, 287 банк шоты бұғатталды. 158 азаматтың елден шығуына шектеу енгізілді. Сонымен қатар, берешек сомасы борышкерлердің жалақысынан және өзге де табыс көздерінен өндіріліп жатыр.



Мамандардың айтуынша, сот шешімдері мен атқарушылық жазбалар негізінде қарызды өндіріп алу барысында борышкердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне, автокөлігіне, банк шотына шектеу қойылады, сондай-ақ елден шығуына тыйым салынып, қызмет түрлеріне берілген лицензиялардың қолданылуы да тоқтатылуы мүмкін.

Компания өкілдері мұндай шаралар тек ұзақ уақыт бойы төлем жасамаған азаматтарға қатысты қолданылатынын атап өтті. Ыстық суды шектеу немесе сотқа жүгіну алдында компания өкілдері берешек туралы алдын ала хабарлап, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Жылу қызметін көрсетуші ұйымдар берешекті өндіріп алу жұмыстары жүйелі түрде жалғасатынын жеткізді. «АлЖЖ» ЖШС қала тұрғындарын қарызын мүмкіндігінше тезірек өтеуге және коммуналдық қызмет үшін төлемді уақытылы төлеуге шақырады.

Бетгі әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



«АҢСАҒАН СӘБИ»

Инновациялық әдіс

Елімізде митохондриялық алмастыру терапиясы сынақтан өткізілуде

Қазақстан анадан берілетін ауыр тұқым қуалайтын аурудың алдын алуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс – митохондриялық алмастыру терапиясын қолданатын әлемдегі алғашқы елдің қатарына енуі мүмкін.



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Ғылым қызметкерлері күніне орай өткен баспасөз конференциясында белгілі репродуктолог, профессор Вячеслав Локшин осы технологияның болашағы мен репродуктивті медицинаның дамуы туралы айтты.

«Былырда бері PERSONA емханасының базасында біз

АҚШ-тан келген белгілі ғалым, әлемге танымал эмбриолог, Орегон денсаулық сақтау мен ғылым университетінің эмбриондық және гендік терапия орталығының директоры Шухрат Миталповпен бірлесіп клиникалық зерттеу жүргізудеміз. Қазақстан Ұлыбритания мен Грекиядан кейін бұл әдісті қолдана бастаған алғашқы елдің бірі болуы мүмкін. Бұл тұқым қуалайтын аурудың алдын алуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақшы», – дейді спикер.

Оның айтуынша, бұл технология шешедегі зақымданған митохондрияларды сау донорлық митохондрияларға алмастырады да, ата-ананың генетикалық материалы сақталады. Бұл бағытта генетика, медицина

на мен био-этика тоғысындағы ең болашағы бар жетістіктің бірі ретінде қарап отыр.

Жалпы, биыл осы сала үшін маңызды кезең болды. Қазақстанда ЭҚҰ бағдарламасы арқылы дүниеге келген алғашқы бала 30 жасқа толды. Осы уақыт ішінде елдің репродуктивті медицинасы алғашқы тәжірибеден бастап генетика мен молекулалық биологиямен интеграцияланған жоғары технологиялық жүйеге дейін дамыды. Кейінгі үш онжылдықта Қазақстанның репродуктивті медицинасы денсаулықты тиімді сақтайтын үлкен салаға айналды. Мамандардың кәсібилігінің арқасында елімізде көптен күткен 46 мыңнан астам бала дүниеге келді.

Саланың дамуына мемлекеттік қолдау да үлкен үлес қосты. Президенттің бастамасымен қолға алынған «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ЭҚҰ-ға бөлінетін квоталар саны жеті есе артқан. Бұл кезекті қысқартып, бедеулікті емдеуде мыңдаған отбасыға мүмкіндік берді. 2021–2025 жылы ғана елдегі 18 емханада шамамен, 34 мың ЭҚҰ циклі жүргізіліп, нәтижесінде 13 мыңнан астам бала осылайша дүниеге келіпті.

«Қазіргі репродуктивті медицина ЭҚҰ процедурасы ғана емес, ол жоғары технологиялық кешенді үдерістер жиынтығы да. Біз эмбриондардың генетикалық диагностикасын жүргіземіз, микробиомды талдап, жеке емдеу протоколын қолданамыз. Сонымен қатар, криоконсервация әдістері де дамып келеді. Бұл әсіресе, онкотерапия алдында фертильділікті сақтауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі емдеудің тиімділігін арттырып, дені сау баланың дүниеге келу мүмкіндігін арттыра түседі», – дейді сарапшы.

КҮРДЕЛІ ОТА

№2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлері 6 жастағы баланың миындағы үлкен ісікті алып тастады. Кішкентай пациент мұнда осыдан біраз уақыт бұрын өзге ауруханадан аса ауыр халде жеткізілген болатын.

НЕЙРОНАВИГАЦИЯ

6 жастағы баланы аман алып қалды

Оған «краниофарингиома ісігі» деген диагноз қойылды. Мидың ең күрделі әрі сезімтал бөлігінде орналасқан ісік салдарынан миға сұйықтық жиналып (гидроцефалия), бас ауруы, құсу және көру қабілетінің нашарлауы сынды белгілер байқалған. Баланың жағдайы сағат сайын төмендей бергендіктен шұғыл ота жасау туралы шешім қабылданды. Операцияны белгілі балалар нейрохирургі, №2 БҚКА директоры Марат Рабандияров жасады. Жоғарғы біліктілік пен нейронавигация сынды заманауи технологияның арқасында микрохирургиялық ота жасалып, мамандар ісіктің бір бөлігін асқан дәлдікпен алып тастады.

«Ісік мидың ең қауіпті жерінде, көз бен гормондық реттеу жолдарына жақын маңда орналасқан. Мұның аса күрделі ота болуы да сондықтан. Соған қарамастан, бас сүйек ішіндегі қысымды азайтып, сұйықтықтың жүру жолын реттеді», – дейді Марат Рабандияров.

Күрделі ота МӘМС қаражаты есебінен жасалды. Естеріңізге сала кетсек, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде 18 жасқа дейінгі балалар жарна төлемейді және олар мемлекет тарапынан сақтандырылған. Мамандардың сөзінше, операциядан кейін баланың жағдайы жақсарып келе жатқаны байқалады. Оның үстіне, білікті ота шунттау жүйесін орнатуға деген қажеттілікті жойып, асқынудың алдын алуға мүмкіндік берді. Бұл Қазақстандағы балалар нейрохирургиясының заман талаптарына сай дамығандығының айқын дәлелі.

БОТУЛИНОТЕРАПИЯ

Еркін қозғалысқа қадам

ДЦП-ны емдеудің заманауи әдісі енгізілді

Алматыда церебралды сал ауруына (ДЦП) шалдыққан балаларды оңалтудың заманауи әдістері енгізілуде. Солардың бірі – бұлшықет спастикасын азайтып, кішкентай науқастардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін ботулинотерапия.

№8 қалалық емханада 2018 жылдан бері ботулинотерапия кабинеті жұмыс істейді. Мұнда балаларға кешенді оңалту аясында мамандандырылған көмек көрсетіледі.

– Ботулинотерапия – бұл бір реттік емшара емес, жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Тұрақты нәтиже алу үшін біз оны міндетті түрде оңалту іс-шараларымен бірге жүргіземіз, – дейді аталған емхананың невропатолог-дәрігері, ботулинотерапевт Айтолқын Алибекова.

Емдеу үдерісі мұқият диагностикадан басталады. Дәрігерлер ботулиндік токсин типі А инъекциясын жасауға көрсетілімдерді анықтап, «нысана-бұлшықеттерді» таңдайды және дозасын есептейді. Яғни әр бұлшықетке, әр енгізу нүктесіне, сондай-ақ бір процедураға арналған жалпы мөлшері анықталады. Ем басталар алдында ата-аналар ақпараттандырылған келісімге қол қояды, содан кейін инъекция жасалады.

Алайда, мамандардың айтуынша, негізгі нәтиже кейінгі оңалтуға тікелей байланысты болады. Дәрігерлердің айтуынша, инъекциядан кейін ең маңызды кезең – қалпына келтіру емін бастау. Онсыз айқын әрі ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Оңалтудың негізін емдік дене шынықтыру (ЕДШ) құрайды, жаттығулар аптасына 3–5 рет өткізілуі тиіс. Ал үй жағдайындағы жаттығулар күн сайын орындалуы қажет. Мүмкіндік болса, физиотерапевт, кинезиотерапевт және эрготерапевт мамандары да тартылады. Бұл тәсіл қозғалыс көлемін арттыруға, әлсіз бұлшықеттерді белсендіруге, дұрыс



қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға, жүруді жақсартуға және баланың дербестігін арттыруға көмектеседі.

Қосымша ретінде ортездер қолданылады. Ол аяқ-қолды дұрыс қалыпта ұстауға арналған арнайы құралдар. Сондай-ақ, тейптеу әдісі пайдаланылады. Ол спастикалық бұлшықеттерді босаңсытып, қарама-қарсы бұлшықеттерді белсендіруге мүмкіндік береді. Инъекциядан кейін дәрігерлер науқасты бақылауды жалғастырып, емнің тиімділігін бағалайды. Қажет болған жағдайда қайталама ем жүргізу туралы шешім қабылданады.

Мамандардың айтуынша, ботулинотерапиядан кейінгі дұрыс ұйымдастырылған оңалту айтарлықтай нәтижелерге жеткізеді екен.

– Біз спастиканың азайғанын, жүрудің жақсарғанын, ауырсынудың төмендегенін байқаймыз. Қозғалыс көлемі артып, өзін-өзі күту дағдылары қалыптасады, патологиялық қалыптар азаяды. Соның нәтижесінде бала белсендірек әрі дербес бола түседі, – дейді Айтолқын Алибекова.

Алматыда ботулинотерапияны амбулаториялық көмек жүйесіне енгізу ДЦП-мен ауыратын балалар үшін заманауи емдеу әдістерінің қолжетімділігін арттырды. Мамандардың пікірінше, дәл осындай кешенді тәсіл балалардың толыққанды өмір сүруіне жаңа мүмкіндік беретіні дәлелденген.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

TEER технологиясы

бірегей операцияларға мүмкіндік берді

Елімізде клиникалық дағдыларды дамыту және жүректің құрылымдық ауруларын емдеудің озық технологиясы батыл түрде енгізілуде.

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының интервенциялық кардиологтары халықаралық сарапшы Dr. Ismail Ates, MD – Associate Professor of Cardiology Bahcesehir University қатысуымен митралдық жетіспеушілікті емдеудің заманауи әдістері бойынша бірегей операция жасалды.

Институттың медициналық командасы заманауи Dragonfly жүйесін пайдалана отырып, TEER («шетінен шетіне дейін» митралды қақпақшаны транскатетерлік қалпына келтіру) әдісі бойынша 4 жоғары технологиялық операцияны сәтті өткізді.

27 жастағы пациентті қалыпты дене жүктемесі кезінде (2-қабатқа көтерілгенде), жүрек соғуының жиілігі, бас айналу, жалпы әлсіздік мазалаған. Оған «жүре пайда болған жүрек қызметінің кемістігі, 3 ст. митралды жетіспеушілік, трикуспидалды қақпақшаның жетіспеушілігі, дилатациялық кардиомиопатия» диагнозы қойылды. Айқын митралдық регургитацияның, сол қарыншаның төмен фракциясын (небәрі 27%) және ашық хирургиялық араласудың жоғары қаупін ескере отырып, клиника дәрігерлерінің консилиумы митралдық қақпақшаны эндоваскулярлық клиптеу операциясын жүргізу туралы шешім қабылдады.

TEER әдісі ауыр митральды регургитацияның ауыр түрі бар пациенттерде қолданылады. Бұл жағдайда митральды қақпақша жапырақшалары дұрыс жабылмай, қанның кері ағысына әкеледі.

65 жастан асқан адамдардың 10% - дан астамы митральды



жетіспеушіліктің орташа немесе ауыр түрінен зардап шегеді және көптеген пациент үшін операция қаупі жоғары болуынан хирургиялық емдеу мүмкін емес. Мұндай жағдайларда транскатетерлік технологиялар емдеудің жалғыз тиімді нұсқасына айналады. Процедура аз инвазивті тәсілмен орындалады және араласудың жоғары дәлдігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 3D-визуализация мен өңеш арқылы жасалатын эхокардиографияның бақылауымен жүргізіледі.

Рентгенэндоваскулярлық оперблуктың меңгерушісі Алексей Колесниковтың айтуынша, мұндай операциялардан кейін пациенттер тез сауығып, бірнеше күннен кейін үйлеріне қайтылады. Оларда өмір сүру сапасы едәуір жақсарады, демігу азаяды, дене жүктемесіне төзімділік артады, медициналық көмекке жүгіну жиілігі төмендейді.

Күрделі ота жасалған төрт науқастың да жағдайы қазір жақсы дейді дәрігерлер.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Борыш алдындағы бозбала

Алматыдан жас сарбаздар әскерге аттанды

28 саябағында әскерге шақырту алған жастардың жиыны өтті. Жиынға әскер сапына аттанғалы тұрған 90 жас сарбаз бен олардың ата-аналары, сондай-ақ, ардагерлер мен өзге де әскери қызметкерлер, оқу орындарының курсанттары қатысты.

Дастан
ҚАСТАЙ

Мемлекеттік Әнұранның шырқалуымен басталған іс-шарада Қорғаныс істері саласының өкілдері сөз алып, жасөспірімдерге әскерге шақыру тәртібін түсіндірді. Бұдан 6 ай бұрын ғана әскер сапына қосылып, қазір десантшы, кіші сержант атанған Жомарт Шамшаддин жас сарбаздарға өз ойын білдірді:

– Әскери өмірге алғаш қадам аттағанды бәрі де тосын, бәрі қиын көрінген. Бірақ уақыт өте келе десанттық-шабуылдау әскерлері сарбазды шын мәнінде шыңдайтынын, оны жігерлі, төзімді әрі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

өзіне сенімді ететінін түсіндім. Райымбек батыр атындағы 38-ші десанттық шабуылдаушы бригадада қызмет ету – мен үшін үлкен мәртебе, – деді саптағы жауынгер.

Іс-шараға арнайы қатысқан әйгілі генерал Иван Васильевич Панфиловтың жиен немересі Алуа Байқадамова даңқты атасының қайсар болмысын әңгімелеп, құнды естелік айтты. Бұл да борыш

алдындағы бозбалаларға зор шабыт сыйлады.

Салтанатты жиынға жас сарбаз Нұрбек Аманғалиевтің әжесі Зейнеп Жалсұратова сарбаздарға ақ батасын беріп, ізгі тілегін арнады. Жиын соңында әскери-патриоттық әндер шырқалды. Жас сарбаздар салтанатты түрде сап түзеп, арнаулы көліктерге мініп, әскери бөлімдерге жөнелтілді.

БРИФИНГ

Алматыда тауға шығатын туристер үшін жаңа қауіпсіздік ережелері енгізілді. Енді демалушылар таулы бағыттарға аттанар алдында міндетті түрде тіркеуден өтеді. Аталған бастама жазатайым оқиғалардың алдын алу және құтқару жұмыстарын жеделдету мақсатында қолға алынууда. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте құтқарушылар мен туризм басқармасының өкілдері мәлімдеді.

Алматы қаласы туризм басқармасының туристік инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы Дәурен Ерғалиевтің айтуынша, қазіргі кезде бұл жүйе әлі толық енгізілмегенімен, тиісті органдармен бірлесіп пысықталып жатыр. Атап айтқанда, Төтенше жағдайлар департаменті мен альпинизм федерациясымен бірге арнайы жобалар әзірленуде. Алдағы уақытта ең алдымен топпен тауға шығатын туристерді тіркеу жоспарланып отыр.

«Бүгінде 1000 шақырымнан астам тау жолы цифрландырылды, оның шамамен, 850 шақырымы абаттандырылған. Бағыттаушы белгілер, навигациялық көрсеткіштер орнатылып, демалыс аймақтары мен

Тау қателікті кешірмейді
Қауіпсіздікке қатысты жаңа ереже енгізілді

қауіпсіздік элементтері жабдықталған. Былтыр қосымша 100 шақырым сүрлеу абаттанса, биыл тағы 350 шақырымды қамту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, төтенше жағдайда құрылғыларды қуаттауға мүмкіндік беретін күн панельдері бар кемпинг аймақтары жасалды», – деп толықтырды Дәурен Ерғалиев.

Мамандардың айтуынша, таудағы төтенше жағдайлардың басым бөлігі туристердің дайындықсыз шығуынан болады. Құтқарушы Вадим Пак адамдар көбінесе ауа райын, маршруттың күрделілігін ескермейтін, сондай-ақ дұрыс киім мен аяқкиім таңдауға мән бермейтін атап өтті. Сөзінше, сапар алдында міндетті түрде ауа райын тексеріп, маршрут туралы толық ақпарат алып, өз мүмкіндігін бағалау қажет. ҚР ТЖМ «Барыс» республикалық құтқару қызметі РММ құтқару бөлімшесінің бас құтқарушысы Әділхан Балтабай қауіпсіздік ережелерінің бірі жақындарына алдын ала хабар беру екенін жеткізді.

«Турист қай бағытқа бара жатқанын, кіммен шығатынын және қашан оралатынын



міндетті түрде айтуы тиіс. Сонымен қатар, рюкзакта жылы киім, ауыстыратын киім, дәрі қобдишасы, су және бір күнге жететін азық-түлік болуы қажет», – деді ол.

Құтқарушылар жабайы жануарлармен кездескен жағдайда да сабыр сақтауға кеңес береді. Мұндай кезде жеңуарды үркітпей, асықпай кері шегініп, арақашықтықты сақтау керек. Оларға жақындап, суретке түсіруге тырысу – қауіпті әрекет. Қазіргі кезде танымал туристік бағыттардың көпшілігі байланыс желісімен қамтылыпты. Алайда, биік және күрделі маршруттарда байланыс әлі де тұрақсыз.

Бұл мәселені шешу бағытында жұмыстар жалғасуда. Жалпы, жаңа тіркеу жүйесін енгізу және қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау таудағы демалысты анағұрлым қауіпсіз етіп, жазатайым жағдайлардың санын азайтуға мүмкіндік береді.

Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.

ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ САЙЫС

«Жас бүркіт»

ұландарды ел қорғаны болуға тәрбиелейтін бірегей алаң

Қаламызда «Жас бүркіт-2026» әскери-патриоттық жиын өтті. Іс-шара Үкіметтің жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру аясында, сонымен қатар тәжік-ауған шекарасын күзету кезінде қаза тапқан ІІМ Ішкі әскерлері (қазіргі Ұлттық ұлан) әскери қызметшілерінің ерлігін ұлықтау мақсатында ұйымдастырылды.

Әскери-спорттық сайысқа қаланың сегіз ауданынан мектеп оқушылары мен әскери-патриоттық клубтардың мүшелері қатысты. Жалпы саны 15 команда әскери даярлық пен дене шынықтыру деңгейін жан-жақты көрсету мүмкіндігіне ие болды.

– «Жас бүркіт-2026» өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде, олардың болашақта Отан қорғауға әзірлігін пысықтауда, жалпы әскери саланың тәртібі мен жинақылығына бейімдеуде таптырмас құрал, әрі ел қорғаны болуға тәрбиелейтін, жас патриоттық бейнесін қалыптастыратын бірегей алаң, – деді «Оңтүстік» өңірлік



қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Атабек Салихбаев.

Сайыс бағдарламасына спорттық және әскери-қолданбалы көпсайыс элементтері енгізілді. Жастар белтемірге тартылу, денені жерден көтеру, газтұмалдырықпен жүгіру, қаруды толық емес бөлшектеу және жинау, оқжатарды жабдықтау және командалық арқан тарту сияқты бірқатар тапсырманы орындады. Командалық есеп нәтижесі барлық кезең бойынша көрсетілген уақыт көрсеткіштерінің жиынтығы негізінде анықталды. №136 мектеп-гимназиясының «Жас сарбаз» командасы жеңімпазы атанды. Екінші орынды М.Ломоносов атындағы №38 қазақ-ресей гимназиясының «Қаһарман» командасы, ал үшінші орынды М.Жұмабаев атындағы №137 мектептің «Жас сарбазы» иеленді.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ӨНДІРІЛГЕН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы Алматы қаласы бойынша әкімшілік құқықтық статистиканың жай-күйі.

2026 жылғы 3 айдың қорытындысы бойынша, Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **12 473 739 120** теңгеге әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылған **917 147** әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның ішінде **7 854 403 822** теңге өндіріліп алынды (63%).

Салынған соманың ең көп пайызы ішкі істер органдарына түседі. Осылайша ағымдағы жылы 3 ай ішінде полиция органдарымен жалпы сомасы **9 533 896 728** теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **909 127** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **6 840 546 448** теңге (**71,7%**) өндіріліп алынды.

Мемлекеттік кіріс органдарымен жалпы сомасы **2 390 191 725** теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **3582** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **643 902 519** теңге (**26,9%**) өндіріліп алынды. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен жалпы сомасы **73 840 757** теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **236** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **64 226 230** теңге (**87%**) өндіріліп алынды.

Төтенше жағдайлар органдарымен жалпы сомасы **13 047 942** теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **304** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **9 231 129** теңге (**70,7%**) өндіріліп алынды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынған айыппұл туралы мәліметтерді қайдан және қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық порталында өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпаратты ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлмен келесі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz және egov.kz) онлайн режимде танысуға және оларды өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, «Айыппұлдар туралы біл» бөлімін таңдап, әрі қарай «Өз айыппұлдарың туралы біл» батырмасын басып, керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама ЭЦҚ-мен расталған және ресми құжат болып табылады.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электрондық үкімет» порталы арқылы [Egov.kz](http://egov.kz) сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» функционалын қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері туралы қарастырылған ақпарат шығады.

[Egov.kz](http://egov.kz)-тен айыппұлдарды көру үшін, міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге болады, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан (пошта қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданғаннан кейін) немесе бастап 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Айыппұлды банктер мен онлайн-банкнинг ресурстары, терминалдар мен түрлі электрондық әмияндар арқылы да төлей аласыз. Ол үшін бюджеттік сыныптың кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

Айыппұлды төлегеннен кейін, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі.

Егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда, айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, ҚР ӘҚБтК-нің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Оны qamqor.gov.kz, eotinish.kz және egov.kz порталдары арқылы онлайн режимде жолдауға болады.

Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері тартылады.

Алайда, ҚР ӘҚБтК-нің 31-бабы 2-тармағына сәйкес, егер көлік құралының меншік иесінің (иесінің) хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

А.ҚЫЛХОДЖАЕВ,
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысының ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша өткізілетін конкурстың шарттары, өткізу күні мен орны**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысының ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ладушкин көшесі, 120 А.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: медициналық қызметтер, оның ішінде консультациялық-диагностикалық, стационарлық және оңалту көмегін көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшы-

лық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін түрде);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратура-сының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде сұхбат жүргізіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық ревматологиялық орталық» ШЖҚ КМК директоры лауазымына конкурстық іріктеу туралы**

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық ревматологиялық орталығы» ШЖҚ КМК-ның Бақылау кеңесі директор лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу мерзімдері: Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдау мерзімі – **02.05.2026 ж., сағат 13.00-ге дейін** (Алматы қаласының уақыты бойынша). Әңгімелесу кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап **3 жұмыс күні ішінде** (бекітілген кестеге сәйкес) өткізіледі.

Конкурс өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050060, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі 98/71, анықтама телефоны: 8 (727) 292-19-93 (1-қабат, конференц-зал).

Кәсіпорын туралы мәлімет: Атауы: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық ревматологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын). Орналасқан жері: ҚР, Алматы қаласы, 050060, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі 98/71, Телефон: 8 (727) 292-19-93, Электрондық пошта: **revmatolog.kaz@med.mail.kz**

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: халықтың денсаулығын сақтау бойынша мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды іске асыру. **Кәсіпорын директорының негізгі лауазымы міндеттері:** Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдер үшін, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуы үшін, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жауапты болады.

Білуі тиіс: ҚР Конституциясы; ҚР Азаматтық кодексі; ҚР Еңбек кодексі; «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі; «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР Кодексі; «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы; «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңы; «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша жоғары білімі; «Денсаулық сақтау менеджменті» немесе «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша сертификат немесе «Денсаулық сақтау», «Бизнес, басқару және құқық» бағыттары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі MBA (executive немесе full-time) дәрежесінің болуы құпалады; Денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымда кемінде **3 жыл еңбек өтілі**; Медициналық қызметті жүзеге асыру үшін: дәрігердің бірінші немесе жоғары біліктілік санаты, клиникалық тәжірибеге жіберу үшін маман сертификаты болуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында («Вечерний Алматы», «Алматы ақшамы» газеттері), сондай-ақ Алматы қаласы «Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ-нің ресми интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде белгіленеді.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болған жағдайда) немесе еңбек шарты, еңбек шартын жасасу және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінділер не еңбек өтілін растайтын өзге де құжат;
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды конкурс жариялаған Кәсіпорынға құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін электрондық түрде келесі мекенжайға ұсынады: **revmatolog.kaz@med.mail.kz**. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда, тұлға әңгімелесуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттар, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы белгілі актер, театр режиссері, профессор, Қазақстанның халық әртісі

Есмұхан ОБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына, туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Kazakh Tourism Development Ltd.» Жеке компаниясы – Көкжайлау шатқалындағы «Almaty Superski» тау курортын салу жобасы құрамындағы Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 26 мамыр күні, сағат 9.00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 124, 2-қабат, Оқушылар сарайы.

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасы арқылы онлайн форматта өткізіледі.

Zoom бейнеконференциясының сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/88216268733?pwd=gNA1xrfGv9UjzCpNBxxyUa6o1YenYc.1>

Конференция идентификаторы: 882 1626 8733

Кіру коды: U2M0pD

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Kazakh Tourism Development Ltd.» Жеке компаниясы, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А, тел.: +7 705 111 12 72, e-mail: ye.tuyakbayev@ktdev.kz.

Әзірлеуші: «РНПИЦ «Казэкология» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 27, телефон: +7 (727) 291-78-14, e-mail: kazecology.kz@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі ұлттық деректер банкі» порталында <https://hearings.ndbcology.gov.kz> («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі), Бірыңғай экологиялық порталында ecorportal.kz, сондай-ақ Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының ресми сайтында танысуға болады.

Безгектің алдын алу

Безгек – маса шағуы арқылы жұғатын қауіпті жұқпалы ауру. Ол көбінесе тропикалық және субтропикалық аймақтарда таралған. Сондықтан бұл аурудың алдын алу шараларын сақтау өте маңызды.

Безгек Plasmodium паразиттері арқылы таралады. Адам ағзасына олар жұқтырылған маса шаққанда енеді. Аурудың таралуының алдын алу – негізгі мақсат.

Профилактика шаралары:

1. Масадан қорғану. Безгектің алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – маса шағуынан сақтану:

- Репелленттерді қолдану;
 - Ұзын жеңді, жабық киім кию;
 - Маскит торларын пайдалану;
 - Терезелер мен есіктерге қорғаныш торларын орнату.
- 2. Химиофилактика.** Қауіпті аймақтарға баратын адамдарға алдын алу мақсатында арнайы дәрілер ұсынылады:
- Қабылдау сапардан 1-2 апта бұрын басталады;
 - Сапар кезінде жалғасады;
 - Одан кейін де бірнеше апта бойы қабылданады.

Барлық дәрілер тек дәрігердің тағайындауымен қабылдануы тиіс.

3. Қауіпті аймақтар туралы хабардар болу. **Безгек жиі кездесетін өңірлер:**

- Экваторлық Африка;
- Оңтүстік-Шығыс Азия;
- Оңтүстік Америка.

Сапар алдында осы аймақтардағы жағдайды білу қажет.

4. Уақытылы тексерілу (профилактикалық бақылау).

Сапардан кейін өз жағдайыңызды бақылап, күмәнді белгілер болса, дәрігерге қаралу – асқынудың алдын алуға көмектеседі.

Безгектің алдын алу – әр адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігінің көрінісі. Қарапайым профилактикалық шараларды сақтау арқылы бұл қауіпті аурудан қорғануға болады.

А.К.МУХАЕВ,

Алматы бөлімшелік көліктегі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының теміржол және су көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІП

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Алматыға парапауэрлифтинг сатында Азия-Океания ашық чемпионатының күміс жүлдегері атанған Гаухар Өмірзақова Алматыға оралды. Спортшы Тайландтың Бангкок қаласында өткен дүбірлі додаға қатысып, 23 елден жиналған 250 сайыскер ішінде оқ бойы озық шыққан.

Суретті түсіріп: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖЕҢІС ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Пара пауэрлифтингтен күміс алған
Гаухар Өмірзақова елге оралды

Дастан
ҚАСТАЙ



Ел-жұрты мен тілеуқор ағайынын қуанып, Көк Туымызды желбірепте марапат мінберіне көтерілген спортшы арнайылап сұхбат берді. Оның айтуына қарағанда, жарыс жолында жүлдеге жету – оңайға соқпаған. Дегенмен, жүйелі дайындық, темірдей тәртіп пен бапкер қолдауы өз жемісін берген.

«Қатты толқыдым. Бірақ бар күшімді салдым. Бұл – тек менің ғана емес, бапкерімнің, маған сенім артқан жандардың ортақ жеңісі», – дейді Гаухар Өмірзақова.

Спортшы жарыс барысында 100 келі салмақты еркін еңсеріп, жалпы есепте 104 келі нәтижеге жеткен.

«Негізгі мақсатым – әлемдік рекорд орнату. Қазір соған қарай табандап келе жатырмын. Өзімді көп қамшылаймын, мақсатым айқын», – дейді Гаухар Өмірзақова.

Бүгінгі 32 жасқа шыққан спортшы Ақтау қаласында дүниеге келген. Алматы қаласына қоныс аударып, кәсіби түрде зілтемір көтеруге машықтанған. Бес жылдан бері спортпен тұрақты түрде айналысып келеді. Сондай-ақ, Жетісу ауданына қарасты Ха-

лыққа қызмет көрсету орталығында жұмыс істейді. Ойы сергек, жиі шынығады, көп ізденеді. Оның айтуына қарағанда, әлемге аты мәлім мегаполисте спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған.

Бір айта кетерлігі, Гаухар Өмірзақованың аталмыш жеңісі – жеке өміріндегі ерекше серпін, тыңаю мен ширау сәті, халықаралық деңгейдегі маңызды марапатың бірі ғана емес, ел үлесін арттырған ерекше енші. Бүгінде спортшыны тәжірибелі бапкер Артур Борисович жаттықтырады. Бапкер шәкіртінің жетістігіне қуанып, бұл турнирді Лос-Анджелес Олимпиадасына жолашар дода деп бағалады.

– Бұл жарыс біз үшін өте маңызды болды. Біріншіден, Олимпиадаға іріктеу кезеңі, екіншіден, Азия ойындарына лицензия беретін рейтинг турнирі. Ойымызға алған мақсат-міндеттердің барлығын толық орындадық. Ел нәтижесін, спортшыларымыздың жеткен жетістіктерін жоғары бағалаймын, – деді бас бапкер.

Орайы келгенде айта кетелік, ашық чемпионатқа қатысқан Қазақстан құрамасы бұрын-соңды болмаған көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Атап айтқанда, қазақстандықтар жалпыкомандалық есепте 55-ке жуық медаль жеңіп алып, 24 ел қатысқан додада үздік үштікке енді.

ДОСТЫҚ АЛАҢЫ

Ұлттық спорт қала тұрғындарын қуантты

Алматы ауданында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Спорт – достық алаңы» атты ұлттық спорт фестивалі ұйымдастырылды.

Іс-шара Алматы қалалық Спорт басқармасының тапсырмасы негізінде «Спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат колледжі» мен Алматы ауданы әкімдігінің бірлесуімен өтті.

Мерекелік жиынға Алматы ауданы Мәдениет бөлімінің инспекторы Мерей Заманбекова мен Алматы қаласы Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Кенжебай арнайы қатысып, іс-шараның маңызын атап өтті.

Сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп жүрген Республикалық аналар қоғамының Іле ауданы филиалының ақ жаулықты аналары Нақан Жүмекейқызы, Үмітханым Сейдағалиқызы, Қалипа Махан тегі, Рабиға Мұғалова және Кәмила Сапархайыр мерекелік іс-шараның көркін арттырды. Фестиваль аясында қазақстандық әйгілі мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті.



Республикалық аналар қоғамы Іле ауданы филиалының төрайымы Кәмила Сапархайыр жиналған қауымды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«Осындай игі бастамалар көбейе берсін. Спортпен басталған мерекеміз құтты болсын! Бүгін біз еліміздің мақтанышына айналған Денис Теннің рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл қойдық. Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймын!», – деді ол.

Іс-шараның ашылуында Спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат колледжінің басшысы Ж.Танабаева қатысушыларға сәттілік тілеп, ұлттық спорттың жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын атап өтті. Ал мектеп-интернат колледжі басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әйгерім Қаршалова фестивальдің негізгі мақсатына тоқталды.


«Біздің басты мақсатымыз – Алматы ауданы тұрғындары мен Спорт колледжінің ұжымын ортақ алаңға жинап, қазақтың салт-дәстүрін дәріптеу. Асық ату секілді ұлттық ойындар арқылы өскелең ұрпақтың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, салауатты өмір салтын насихаттауды көздейміз», – деді ол. Жарыс бағдарламасы аясында қатысушылар бірнеше ұлттық және күш сынасатын спорт түрінен бақ сынады. Атап айтқанда, асық ату, гир тасын көтеру, арқан тарту, армрестлинг және секіртпемен секіру бойынша жарыстар өтті.

Фестиваль мәдени көріністер мен танымдық бағдарламаларға ұласып, мерекелік концертпен аяқталды. Іс-шара соңында жеңімпаздар арнайы марапат тарға ие болды.

Әнел ДӘУЛЕТКЕЛДІҚЫЗЫ.



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

